

**Қақпақ ауылы округі Қақпақ елді мекені Д.Қонаев көшесі аумағына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қақпақ ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 16 маусымдағы № 5 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 3241 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қақпақ ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қақпақ ауылдық округі әкімінің 17.08.2015 № 13 шешімімен (алғашқы жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясының Қазығұрт аудандық аумақтық инспекциясының 2015 жылғы 15 маусымдағы № 1-09/198 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қақпақ ауылы округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қақпақ ауылы округі Қақпақ елді мекені Д.Қонаев көшесі тұрғынының жеке қосалқы шаруашылығында құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты Қақпақ ауылы округі Қақпақ елді мекенінің Д.Қонаев көшесі аумағына шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округі әкімі аппаратының бас маманы Б.Сарсеновке жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл округінің әкімі*

*Е.Шорабаев*